

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
Хаттамасы №1**

Өткізілген күні: « 31 » 08 20 22 жыл
Қатысқандар: мектеп мұғадімдері

Күн тәртібінде

1. Төраға мен хатшыны таңдау.
2. Кеңес мүшелеріне ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 жыл №190 «Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы» бұйрығымен түсіндіру; Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.
3. Педагогтің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі өзін-өзі ұстауы, этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті

Тыңдалды:

Мектеп директоры Г.Н.Сундетов педагогикалық әдеп жөнінде отырыс өткізді. Ең алдымен педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы мен хатшы және мүшелерін тағайындауды ұсынды.

Педагогикалық әдеп төрағасы болып бір ауыздан педагог-психолог А.А. Менлибекова тағайындалды.

Хатшы: А.С.Молдағалиева

Мүшелері: Исаева Ж.А., Иманбаева Ж.Б., Қалмахан Б.Е., Аманжолов Е.У., Сагидолда М., Аманжолова Т.Т., Балгабаева А.Е.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы А.А.Менлибекова

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып танысар болсақ, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып есептелінеді. Кеңес өз қызметінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» ҚР заңдарына, осы қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаларын басшылыққа ала отырып жұмыстанады.

Кеңестің негізгі міндеттеріне тоқталсақ:

- Білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету;
- Педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау;
- Педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып саналады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Сол тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша, кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады:

- білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну;

- тәртіптік істі тоқтату.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі: Иманбаева Ж.Б.

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде өзіне баса назар аудара отырып, білгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс деп ойлаймын. Себебі, орта педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады.

Педагог ата-аналармен, оқушылары және әріптестерімен қарым-қатынаста болған кезде педагогикалық этиканы нормалары мен ережелерін сақтауға міндеті. Педагог этикасы-педагог пен оқушы, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика - ұжым ортасында.

Кеңес төрайымы: А.А.Менлибекова

Құрметті әріптестер, бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі қаралды, ұстаздардың педагогикалық әдебі туралы да сөз қозғалды. Бір сөзбен түйіндер болсақ, педагог өз ісіне адал қарауға міндетті және жасай білуде білім мен білікті қажет етеді. Педагог беделіне қауіп төнбеуі үшін, әр іске байыппен қарап, ақылмен шешу керек, жауапкершілік басты назарда болуы шарт. Сондықтан педагогикалық құрамды өз әрекеттері үшін жауапкершілікті арттыруға шақырамын.

Шешім:

1. Әдеп ережесіне сүйене отырып, жұмысты ұйымдастыру;
2. Педагогтың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарда болу.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



Менлибекова А.А.

Молдағалиева А.С.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
Хаттамасы №2

« » 05 2023 жыл

Қатысқандар: мектеп мұғалімдері

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық әдеп комиссиясының жылдық жұмысының қорытындысы.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы А.А.Менлибекова сөз алды.

Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады. Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына осы Қағидаларға, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

2024-2025 оқу жылында мектебімізде сыбайлас жемқорлық пен тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша ешқандай педагогикалық әдепті сақтамау мәселелері тіркелген жоқ. Педагогтер арасында құқықбұзушылық ақша жинау, сыйлық алу, бопсалау т.б. мәселелері бойынша да сенім жәшігі мен сенім телефонына хабарламалар түскен жоқ.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылында әдеп ережесіне сүйене отырып, жұмысты ұйымдастыру;
2. Педагогтың кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарда болу.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы:



Менлибекова А.А.
Молдағалиева А.С.

Астана қаласы "Мәшһүр Жүсіп" атындағы №57 орта мектеп қызметкерлері мен мұғалімдерді сыбайлас жемқорлық және еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігіне байланысты ережелерімен таныстыру туралы өткізілген жиналыстың анықтамасы.

2022-2023 жылдың 31 тамыз күні №1 педагогикалық кеңесте мектеп ұжымымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі және ішкі еңбек тәртіп ережелері туралы жиналыс өтті. Жиналыс барысында мектеп директоры Г.Н.Сундетов пен кәсіподақ төрайымы А.А.Менлибекова ешқандай ата-аналардан және оқушылардан ақша жинамау, пара алмау, бағалы сыйлық алмау, гүлге ақша жинамау, сынып жетекшілерге оқушылардан ақша жинамау т.б. туралы және де мұғалімдердің жұмысқа уқытылы келуі, жұмыстан себепсіз қалмауы, себепті жағдайларды міндетті түрде мектеп басшысы, кәсіподақ төрайымы және директордың оқу ісінің меңгерушілеріне ескерту. Мұғалімнің сыртқы келбеті мен сөйлеуі, жүріс-тұрысы, сабақтарына жүйелі әрі сапалы түрде дайындалу, оқушыларға қол жұмсамау, кемсітпеу, оқушыны жазаламау және намысына тиетін сөздер айтпау туралы айтылып таныстырылды. Мектептерде ата-аналардан ақша жинауға тыйым салынғаны туралы ескертілді. Мектептің бірінші қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы "Сенім жәшігі" ілінгені туралы сынып жетекшілерге және пән мұғалімдеріне айтылды. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп басшысы, кәсіподақ төрайымы, мектеп әкімшілігі және мектеп психологтарының қатысуымен қаралады. Сонымен қатар, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі және ішкі еңбек тәртіп туралы ережелері таныстырылып талапқа сай орындалуы да ескертілді. Мектеп ұжымы еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі туралы арнайы журналға танысканы туралы қол қойды. Алдағы уақытта түсіндірме жұмыстарын және алдын алу шаралары уақытылы жүргізіліп, қадағаланып отыратыны айтылды.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы



Менлибекова А.А.


Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
“Сыбайлас жемқорлықсыз ел!” тақырыбында 5 - 7 сынып
оқушылармен жүргізілген жұмыстың анықтамасы

"Сыбайлас жемқорлықсыз ел!" сурет байқауы

2023 жылдың қаңтар айында мектебімізде "Мектеп парламенті" мен "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен "Сыбайлас жемқорлықсыз ел!" тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты:

- 1) Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
- 2) Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
- 3) Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Сурет салу барысында өскелең ұрпақты жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштікке, адами құндылықтар негізінде тәрбиелеу. Жас ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау, адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу мақсатында "Жемқорлыққа жол жоқ !" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқау барысында білім алушылар жемқорлық елдің ұлттық мүдделеріне, экономикалық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіретінін сурет арқылы түсіндіре білді. Нәтижесінде «үздік» деп танылған білім алушылардың жұмысы көрмеге қойылды. 5-7 сынып білім алушылары жемқорлық індет екенін, еліміздің ұлттық мүддесіне қауіп төндіретінін сурет арқылы көрсетті.



Кәсіподақ төрайымы

Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты
мұғалімдерге өткізілген жұмыстың анықтамасы**

2023 жылы наурыз айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты мұғалімдерге “Жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбында баяндама оқылды. Педагогтер жемқорлық індет екенін, еліміздің ұлттық мүддесіне қауіп төндіретіні бойынша өз ойларымен бөлісті.

Мектеп директоры Г.Н.Сундетов педагогикалық әдеп, сыбайлас жемқорлық туралы және жалпы ережелері туралы айтып мағлұмат берді. Ешқандай ата - аналардан және оқушыдан ақша жинамау, пара алмау, бағалы сыйлықтар алмау, гүлге ақша жинамау, сыныптың жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сынып қорына, кеңсе тауарларын талап етуге, сынып жетекшілерге оқушылардан ақша жинамау туралы және де мұғалімдердің жұмысқа уақытылы келуі, жұмыстың ішкі тәртібін сақтау, жұмыстан себепсіз қалмауы, себепті жағдайларды дер кезінде ескерту, мұғалімнің сыртқы келбеті мен сөйлеуі, жүріс-тұрысы, сабақтарына жүйелі әрі сапалы түрде дайындалу, оқушыларға қол жұмсамау, кемсітпеу, оқушының намысына тиетін сөздер айтпау туралы айтылып таныстырылды. Мектепте ата-аналардан ақша жинауға тыйым салынғаны туралы жалпы ата-аналар жиналыстарында ескертілді. Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп басшысының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралатыны және сенім телефондары жазылып, көрсетілген туралы айтылды. Жиналыс соңында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбында баяндама оқылды.



Кәсіподақ төрайымы

Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі
ақпараттық стендтерді жаңарту және сенім жәшігі бойынша мәлімет**

2022-2023 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық стендтер жаңартылды. Мектептің бірінші қабатында орналасқан «Парасатты азамат», «Адам. Қоғам. Құқық» құқықтық бұрышы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық стендісінде 1-11 сынып жетекшілері, оқушылар мен педагогтар және ата-аналар танысып отырады. Мектептің ішкі тәртіп ережелері «Мектептегі оқушы ережесі», «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жыл бойы оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің назарына алынған. Сонымен қатар адалдыққа, сенімділік қарымқатынас орнатуға арналған сені жәшігі жыл бойы мектептің кіре беріс есігінің жанына ілінген. Сенім жәшігі әр айда мектеп директорымен тексеріледі. Биылға оқу жылында ешқандай шағым түскен жоқ.



Кәсіподақ төрайымы

Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
2022-2023 оқу жылында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру жөніндегі” атқарылған жұмыстарының есебі**

2022-2023 оқу жылдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі алдын алу туралы педагогтер мен қызметкерлерге арналған іс-шаралар жоспары құрылып, педагогикалық ұжым, ата-аналар арасында түсіндерме жұмыстары жоспар бойынша жүргізіліп отырды. Оқу жылдың басында сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әдеп нормаларын сақтау және құқық бұзушылықтарының алдын-алу туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Педагог қызметкерлерін ақша қаражатын заңсыз жинауға тыйым салу бұйрығымен таныстырылып, әр мұғалім сыбайлас жемқорлық туралы танысқандығын растап, тізімге қол қойып шықты. Мектептің бірінші қабатында орналасқан «Парасатты азамат», «Адам. Қоғам. Құқық» құқықтық бұрышы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық стендісінде 1-11 сынып жетекшілері, оқушылар мен педагогтар және ата-аналар танысып отырады. Мектептің ішкі тәртіп ережелері «Мектептегі оқушы ережесі», «Сенім жәшігі» жыл бойы оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің назарына алынған. Сонымен қатар адалдыққа, сенімділік қарымқатынас орнатуға арналған сенім жәшігі жыл бойы мектептің кіре беріс есігінің жанына ілінген. Жыл бойына мектеп қабырғасында «Ақша жинауға жол ЖОҚ» жаднамасы, ақпараттық бұрышы. Мектеп сайтына ақпараттар орналастыру мектеп әкімшілігінің бақылауында болады. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі бұйрықпен ата-аналар, ұстаздар, оқушылар арасында заңсыз ақша жинауға қатаң тиым салу бойынша оқу жылының қыркүйек айында 1-11 сынып ата-аналары жиналыстары мен педагогикалық ұжым жиналысында таныстырылды.

2022-2023 оқу жылында мектебімізде сыбайлас жемқорлық пен тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша ешқандай педагогикалық әдепті сақтамау мәселелері тіркелген жоқ. Педагогтер арасында құқық бұзушылық ақша жинау, сыйлық алу, бопсалау т.б. мәселелері бойынша да сенім жәшігі мен сенім телефонына хабарламалар түскен жоқ.

Құрметті, ұстаздар, әрқашан да адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Сол өмірді әр жылын жарық күнде, бейбіт өмірде өткізу бәріміздің міндетіміз!

Кәсіподақ төрайымы



Менлибекова А.А.